

1999 жылғы 27 қазандағы Ресей зымыраны бөліктерінің Қарағанды облысына құлауының зардаптарын зерделеу жөніндегі Үкіметтік комиссия жұмысының қорытындылары туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1999 жылғы 18 қараша N 1747а

1999 жылғы 27 қазанда "Байқоңыр" ғарыш айлағынан ұшырылған "Протон" зымыран-тасығышының Қарағанды облысына құлауының зардаптарын зерделеу жөніндегі Үкіметтік комиссия жұмысының аяқталуына байланысты Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Ресей зымыраны бөліктерінің Қарағанды облысына құлауының зардаптарын зерделеу жөніндегі Үкіметтік комиссия есебінің тұжырымдарына келісім берілсін.
2. Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі мен Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Ресей жағының 1999 жылғы 27 қазандағы "Протон" зымыран-тасығышының авариясынан Қазақстан Республикасына келтірілген залалды өтеуі және Қазақстан жағы оның зардаптарын бағалау және жою бойынша шеккен барлық негізделген және құжаттамалық түрде расталған шығыстарды төлеуі жөнінде шаралар қабылдасын және бұл туралы Қазақстан Республикасының Табиғи ресурстар және қоршаған ортаны қорғау министрлігін хабардар етсін.
3. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Қарағанды облысының әкімімен келісе отырып республикалық және жергілікті бюджеттерден қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер жұмсаған шығыстарға сәйкес, авариялардың салдарын бағалаумен және жоюмен байланысты шығындарды жабуға арналған өтемақылық төлем қаражатын бөлуді жүзеге асырсын, сондай-ақ қаражаттың мақсатты жұмсалуын бақылауды қамтамасыз етсін.

4. Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясының "Протон" зымыран-тасығышын авариялық ұшыру жөніндегі үкіметтік комиссияларының бірлескен мәжілісінің қарауына:

Ресей жағының "Протон" зымыран-тасығышының фрагменттері құлаған аймақта тұратын Қарағанды облысының Жаңаарқа ауданы халқының денсаулық жағдайы мен бейімделу кезіндегі денсаулығының бұзылуы деңгейіне тексеру жүргізуге 20 млн. теңге және 1999 жылғы 5 шілдеде "Протон" зымыран-тасығышы авариясының нәтижесінде зардап шеккен Қарқаралы ауданы тұрғындарының денсаулығын тексерудің бірінші кезеңін жүргізуге 4,8 млн. теңге бөлуі туралы;

Ресей жағының Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясы Үкіметінің арасындағы "Байқоңыр" ғарыш айлағынан зымырандарды ұшыру кезінде авариялар болған жағдайдағы өзара іс-қимылдың тәртібі туралы келісімінде көзделген

іс-шараларды орындауды 2000 жылдың 1 қаңтарына дейін аяқтауы туралы;

Ресей авиациялық-ғарыштық агенттігі мен Ресей Қорғаныс министрлігінің жанындағы Федералдық авиациялық-ғарыштық іздестіру мен құтқару басқармасының іздестіру-құтқару күштері мен құралдарының "Байқоңыр" ғарыш айлағынан ұшыру кезеңінде ғарыштық аппараттарды алып шығу трассасының бойындағы кезекшілігін ұйымдастыру туралы;

Ресей жағы зымыран-тасығыштарды ұшырудың әдеттегі және авариялық жағдайлардағы қоршаған ортаға әсерін бағалау жөніндегі пайдаланған нормативтік-әдістемелік құжаттарды Қазақстан жағына беру туралы;

Ресейдің авиациялық-ғарыштық агенттігінің ғарыштық аппараттарды ұшыру әсер ететін аймақтарда өндірістік мониторинг ұйымдастыру және жүргізу жөніндегі, зымырандық отынның компоненттерін қоршаған ортаға тастауларды регламенттеу жөніндегі нормативтік-әдістемелік құжаттамаларды әзірлеуі және Қазақстан Республикасының Табиғи ресурстар және қоршаған ортаны қорғау министрлігімен келісуі туралы. Бұл құжаттаманың жалпы жүйесінде ғарыштық отын тастаулары мен оның жанбаған компоненттерінің қоршаған ортаға таралуы процестерін жаңарту бөлігінде зымыран-тасығыштар аварияларының көп нұсқалы моделдерін әзірлеу іске асырылсын;

"Байқоңыр" кешенінде, оның ішінде "Протон" зымыран-тасығыштарының бастапқы бөліктері құлаған аудандарда өндірістік мониторинг жүргізуді ұйымдастыру туралы;

"Байқоңыр" ғарыш айлағынан зымырандарды ұшырғанға дейінгі және одан кейінгі 2 тәуліктің ішінде Қазақстан Республикасы аумағының атмосферасын зондтауды жүргізу үшін "Қазгидромет" республикалық мемлекеттік кәсіпорнының аэрологиялық станцияларын жұмсалатын материалдармен және радиозондтармен қамтамасыз ету туралы мәселелер енгізілсін.

5. Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар жөніндегі агенттігі бір ай мерзімде Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясы Үкіметінің арасындағы "Байқоңыр" ғарыш айлағынан зымырандарды ұшыру кезінде авариялар болған жағдайдағы өзара іс-қимылдың тәртібі туралы келісімнің қағидаларын іске асыру мақсатында "Байқоңыр" ғарыш айлағынан зымырандарды ұшыру кезіндегі өзара іс-қимыл, авариялардың зардаптарын бағалау және жою жөніндегі жоспарларды әзірлесін, келіссін және бекітсін.

6. Қазақстан Республикасының Табиғи ресурстар және қоршаған ортаны қорғау министрлігіне бір ай мерзімде сарапшылардың деңгейінде Ресей жағымен "Байқоңыр" ғарыш кешенінің қызметінде қоршаған ортаны қорғау және "Протон" зымыран-тасығыштарының бастапқы бөліктері құлаған аудандарда қоршаған ортаны зымырандық отынның компоненттерімен нормативтен тыс ластағаны үшін ақы енгізу мәселелерін ретке келтірсін.

7. Қазақстан Республикасының Табиғи ресурстар және қоршаған ортаны қорғау

